

Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 470 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1172 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1172 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 9) тармақшасына сәйкес отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған отандық әлеуетті өнім берушілерден сатып алынатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы (бұдан әрі - н о м е н к л а т у р а) б е к і т і л с і н .

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды Заңға сәйкес жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар отандық тауар өндірушілер шығаратын және олардан сатып алынатын тауарлардың жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбесіне енгізілген тауарларды, сондай-ақ номенклатурада көрсетілген жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорына енгізілген отандық тауар өндірушілер мен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді отандық жеткізушілер арасында осы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жалпы көлемінің 100 пайызы көлемінде заңнамада белгіленген тәртіппен өткізеді.

3. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған отандық тауар өндірушілер шығаратын және олардан сатып алынатын тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбесіне енгізілген тауарларды және (немесе) номенклатурада қамтылған жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде:

1) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруда мемлекеттік сатып алу отандық тауар өндірушілер мен тауарлардың,

жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің дерекқорына енгізілген жұмыстардың, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер арасында жүзеге асырылатынын көрсетеді;

2) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорына енгізілген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге сәйкес келетін, талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасын көрсетеді және сипаттайды.

4. Егер осы қаулыға сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады, оған барлық әлеуетті өнім берушілерге рұқсат беріледі.

5. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2014 жылғы 11 мамырдағы	
№ 470 қаулысымен	
бекітілген	

Отандық әлеуетті өнім берушілерден сатып алынатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы

- 1) Ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстары;
- 2) автомобиль техникасын жөндеу;
- 3) көліктік-экспедициялық көрсетілетін қызметтер;
- 4) күрделі тұрмыстық техниканы жөндеу;
- 5) салт-ғұрыптық қызметтер;
- 6) қоғамдық тамақтандыру қызметі;
- 7) тұрмыстық (монша-кір жуу, химиялық тазалау);
- 8) ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету жөніндегі қызметтер;
- 9) киім (арнаулы киім) мен аяқ киім тігу және жөндеу;
- 10) суретке түсіру қызметтері;
- 11) мемлекеттік маңызды емес белгілер, марапаттау кубоктарын, жалаушалар, жалаулар дайындау;
- 12) былғары, пластмасса және металл галантерияларын жөндеу;

- 13) аударма ісі қызметтері;
- 14) мөртабан-мөр және жібек жазба;
- 15) жарнамалық-ақпараттық және баспа қызметтері;
- 16) әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы ғарыш аппараттарының Ку-жиілік диапазонындағы транспондерлерін ұсыну бойынша қызметтер;
- 17) «KazSat» әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы ғарыштық байланыс жүйесін пайдалану арқылы Ку-жиілік диапазонында тіркелген спутниктік байланысты қолдануды көздейтін байланыс және (немесе) телерадиохабар тарату қызметтері;
- 18) бағдарламалық оқыту бойынша техникалық қолдау;
- 19) полиграфиялық қызметтер;
- 20) ғимарат пен құрылыстар тұрғызу бойынша жұмыстар;
- 21) құрылыс-монтаждау, жер қазу және бетондық жұмыстар;
- 22) электрді тарату желісі мен магистралдық байланыс желісін өткізу бойынша құрылыс жұмыстары;
- 23) магистралдық құбырларды өткізу бойынша құрылыс жұмыстары;
- 24) электромонтаждау және БӨПЖА жұмыстары;
- 25) бұрғылап жару жұмысы;
- 26) поршень және плунжер сорғы гидравликалық қорабын күрделі қалпына келтіру бойынша жөндеу жүргізу;
- 27) зияткерлік меншікті пайдалану құқығына лицензия беру бойынша қызмет көрсету;
- 28) консультациялық қызметтер мен оқыту қызметтері;
- 29) жұртшылықпен байланысты қолдау бойынша қызметтер;
- 30) кинофильм, бейнеөнім және телевизиялық бағдарлама тарату бойынша көрсетілетін қызметтер;
- 31) «Интернет» сайтында өңдеу/әзірлеу бойынша көрсетілетін қызметтер;
- 32) кешендік электромеханикалық жүйелерді сынау және талдау бойынша көрсетілетін қызметтер;
- 33) электр жабдықтарын орнату бойынша көрсетілетін қызметтер;
- 34) электр жабдықтарын жөндеу және техникалық көрсетілетін қызметтер;
- 35) кәсіптік даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру қысқа мерзімді курстарын өткізу бойынша көрсетілетін қызметтер;
- 36) техникалық ғылымдар мен технологиялар саласында зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер, басқалары бойынша қызмет көрсету;
- 37) экологиялық қызмет көрсету.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

11

мамырдағы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 50, 626 - құжат).

2. «Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 мамырдағы № 756 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 27-28, 239-құжат).

3. «Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 наурыздағы № 214 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 24, 184-құжат).

4. «Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 ақпандағы № 78 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 17, 201-құжат).

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 сәуірдегі №441 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін 2-тармақтың өзгерістері (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 42, 563 - құжат).

6. «Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 1664 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 5, 99-құжат).

7. «Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы

29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 наурыздағы № 276 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 22, 357-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК